

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 699 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік б е р і л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N 1158 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. 3-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Полигон - жер учаскелерін және онда орналасқан мүлікті қамтитын біртұтас кешен

Полигонды жалдау объектісінің бірлігі үшін ставка - Полигонның жер учаскелерін, оның ішінде жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері орналасқан жер учаскелерін жалдауға берілген аудан (гектар) бірліктерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді."

2. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Шарттың 3-бабымен белгіленген полигондарды жалдау объектісінің бірлігі ставкасын негізге ала отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 18,932 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Бұл ретте, жалдау ақысының көрсетілген мөлшері Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында сол күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрлерін ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері орналасқан жер учаскелерінің құрамы өзгерген жағдайда жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бірлігіне белгіленген ставканы негізге ала отырып жер учаскелерінің жалданатын ауданының өзгеруіне мөлшерлес өзгереді.

Жалға беру ақысының өзгеруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен рәсімдейтін болады.

Приозерск қаласының инфрақұрылымын ұстауға Ресей Тарабының үлестік қатысу мөлшері Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету туралы жеке хаттамамен айқындалады және Полигонды пайдаланғаны үшін жалдау ақысының құрамына кіреді."

3. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарттың 4-бабында белгіленген жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап еркін айырбасталымды валютада (АҚШ доллары) жүзеге асырылатын болады.

Жалдау төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең үлестермен жылдың екінші және төртінші тоқсанының соңғы айының 5 күніне дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Тарабы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне қаражатты аудару үшін төлем алушыны және қаржы деректемелерін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарабы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігіне бұл туралы хабардар етуге міндетті."

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың бірінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапты келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1996 жылғы 18 қазанда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

200_ жылғы " __ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ *РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ*
ҮШІН *ҮШІН*